

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ

**«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕАҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен**

(17.02.2026 жылғы №47 хаттама)



**«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ»**

**Талдықорған қ.
2026 ж.**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Негізгі терминдер мен анықтамалар	3
3	Жемқорлыққа бағытталған және коммерциялық парақорлық жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық ережелері	4
4	Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы туындаған кезде	4-5
5	Университет лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауы	5
6	Қорытынды ережелер	5

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық» (әрі қарай – Нұсқаулық) «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ-ында (әрі қарай – Университет) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттерді анықтау, сондай-ақ жемқорлық жағдайлары туындаған жағдайда Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің тәртібін белгілеу мақсатында енгізілген.

1.2 Осы Нұсқаулықтағы талаптар ең төменгі қажетті талаптар болып табылады және нақты жағдайларда қосымша шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

2.1 Осы Нұсқауда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

Пара - мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаға немесе оған теңестірілген тұлғаға, сондай-ақ басқа мемлекеттік немесе халықаралық ұйымдардағы лауазымды тұлғаға, жеке немесе делдалдар арқылы ақша, құнды қағаздар, басқа мүлік, мүлік құқықтары немесе материалдық құндылықтарды беру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулық ұсынымдар

3.1 Қызметкерге пара ұсынылған жағдайда өзін-өзі ұстау жөнінде ұсыныс:

1 - қызметкер өзіне пара немесе басқа коммерциялық парақорлық ұсынылған кезде сабырлы және әдепті әрекет етуге, өз сөздерін ұсынысты қабылдайтын немесе толық бас тартатын сияқты түсіндіруге жол бермеу;

2 - ұсынылған жағдай туралы толық ақпаратты жинау және жазып алу;

3 - ұсынылған сома, тауарлар немесе қызметтер сипаттамасы;

4 - ұсыныстың берілу уақыты мен тәсілі;

5 - мәселені шешу кезеңдері мен келісілген шарттар.

6 - пара немесе парақорлыққа қатысты мәселелерді бірден шешуге тырыспай, келесі кездесуге қалдыруға және кездесу орнын қауіпсіз, таныс және бақылауға болатын жерде ұйымдастыруға тырысу.

7 - әңгіме барысында бастаманы өз қолына алмау, «қабылдаушы» рөлін сақтау, және әңгімелесушіден толық әрі нақты ақпарат алу үшін жағдай жасау.

8 - заңнамаға сәйкес мүмкіндік болған жағдайда, пара ұсынысын диктофон немесе басқа жазу құралымен тіркеу.

3.2 Параның заттары және жемқорлық тәуекелдерін туындауы мүмкін әрекеттер:

1 - ақша, құнды қағаздар, валюта, банк чектері, құнды металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, көліктер, тұрмыстық және басқа тауарлар, сондай-ақ жылжымайтын мүлік сияқты пәтерлер, үйлер, жер учаскелері;

2 - артықшылықтар мен жеңілдіктер түріндегі артық пайда – емдеу, жөндеу, туристік және санаторлық жолдамалар, шетелге сапарлар немесе басқа шығыстарды төмендетілген бағамен немесе тегін төлеу;

3 - қызметкерге немесе оның жақындарына арнайы жағдайлар жасау ретінде жасалған іс-әрекеттер – кез келген шартсыз берілетін төлемдер, жалақы мен төлемдерді арттыру, несие кепілдіктері, жеңілдетілген кредиттер, қарызды өтеу немесе кешіру, ақысы жоғары қызметтерді төлеу сияқты артықшылықтар болуы мүмкін.

3.3 ҚР ҚК 366-бабының ескертпесіне сәйкес, лауазымды адамға немесе қызметкерге алғаш рет, алдын ала уағдаластықсыз, заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сыйлық ретінде берілген мүліктің, мүлікке құқықтың немесе өзге де мүліктік пайданың құны 2 АЕК аспаған жағдайда, мұндай әрекет қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

Алайда бұл көрсетілген жағдайларда тұлға тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершіліктен босатылмайды: қызметтік әдеп қағидаларын, еңбек міндеттерін немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын бұзу фактісі анықталған кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес тиісті шаралар қолданылады.

4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы туындаған кезде

4.1 Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда:

- 1) мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне мұқият болыңыз;
- 2) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;
- 3) тікелей басшыңызға және комплаенс-офицерге туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе Сіз білген бойда оның туындау мүмкіндігі туралы жазбаша түрде хабарлау;
- 4) тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мүдделер қақтығысын жеңу жөнінде шаралар қабылдау;
- 5) мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуға дейін өзгерту.

5. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жемқорлыққа қарсы іс-қимылы

5.1 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы, коммерциялық парақорлық немесе басқа да қылмыстар туралы хабарлау «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуы немесе бұзылуы мүмкін фактілерді хабарлау тәртібіне» сәйкес жүзеге асырылады.

5.2 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы, коммерциялық парақорлық немесе басқа да қылмыстар туралы хабарлаған лауазымды тұлғалар немесе қызметкерлер мемлекет тарапынан қорғауға ие болады және белгіленген тәртіппен марапатталады.

5.3 Жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көмек көрсеткен қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады.

5.4 Барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен аулақ болуға және парақорлық фактілерін уақтылы хабарлауға міндетті.

6. Қорытынды ережелер

6.1 Осы Нұсқау университеттің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті түрде танысу және қолдану үшін енгізіледі.

6.2 Осы Нұсқау «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Танысу парағы

[illegible]